

## Алкоголь өнімін қаттауды жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Кіріс министрлігі 1999 жылғы 1 маусым N 592 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 15 маусымда тіркелді. Тіркеу N 806. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 846 бұйрығымен. ~V011558

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі "Акцизделетін тауарлардың жеке түрлерін акциздік алым маркілерімен таңбалау туралы" N 431 P990431\_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында бұйырамын:

1. 1997 жылғы үлгідегі акциздік алым маркілерімен таңбаланған отандық алкоголь өнімін қаттауды жүргізудің ұсынылған қаулысы бекітілсін.

2. Алматы және Астана қалаларының, облыстардың салық комитеттері тиісті аймақтарда 1999 жылдың 1 шілдесіне дейін орналасқан кәсіпорындар мен мекемелердегі отандық өндірушілердің алкоголь өнімдерін қаттауды жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кеден к о м и т е т і н е :

1997 жылғы үлгідегі акциздік алым маркілерімен таңбаланған импорттық алкоголь өнімдерін қаттауды жүргізудің нұсқауын бір апта ішінде министрдің бекітуіне әзірлеп, ұсынсын;

1999 жылдың 1 шілдесіне дейін жаңа үлгідегі акциздік алым маркілерімен таңбалауға жататын импорттық өндірістің, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер өндірісінің алкоголь өнімдерін қаттауды жүргізуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің заң департаменті (Дүйсенбек М.Д.) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің әкімшілік департаменті осы бұйрықты Кеден комитетінің, салық полициясы комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алматы және Астана қалаларының, облыстардың салық комитеттерінің бірінші басшыларына жеткізсін полициясы Комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алматы және Астана қалаларының, облыстардың салық комитеттерінің бірінші басшыларына жеткізсін. 6. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Мемлекеттік кіріс министрлігінің вице-министрі У.С. Байжановқа

жүктелсін. 7. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді. Министр Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1 маусым 1999 жылғы N 592 бұйрығымен бекітілген 1997 жылғы үлгідегі акциз маркілерімен таңбаланған отандық алкоголь өнімін қаттауды жүргізу туралы Нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19.04.99 ж. "Акцизделетін тауарлардың жеке түрлерін акциздік алым маркілерімен таңбалау туралы" N 431 P990431\_ қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Жаңа үлгідегі алкоголь өнімінің акциздік маркілері үш түрге бөлінеді: арақ, күшейтілген сусындар және шараптар.

3. Жаңа үлгідегі акциздік алым маркілерімен таңбалануға жататын алкоголь өнімдерін қаттау бір реттік сипатқа ие, оларды ары қарай сату үшін көрсетілген тауарларды Қазақстан Республикасы аумағында таңбалауға қажет маркілерді, таңбалануға жататын тауарлардың санын анықтау мақсатында аталған өнімдерді өндіруді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың өз күштерімен жүргізіледі.

## 2. Қаттауды жүргізу тәртібі

4. Әрбір кәсіпорында (мекемелерде) тауарларды қаттауды жүргізу үшін мына құрамда комиссия құрылады: комиссия төрағасы-бірінші басшы немесе оның орынбасары; материалды жауапты адам және басқа қызметкерлер.

5. Комиссия қаттауды жүргізу тәртібінің сақталуына және уақтылы өткізілуіне, зағтай тапсырылуының нақты қалдықтары бойынша тауарлар туралы қаттау тізім-актілеріне енгізілген мәліметтердің толықтығына және дәлдігіне, қаттау актілерінде көрсетілген тауар атауларының дұрыстығына жауап береді.

6. Тауарлар туралы мәліметтер (тауар түрі, саны, данасы) екі данада жасалатын қаттау тізім-актілеріне жазылады. Заңды немесе жеке тұлғалар тіркелген тиісті салық комитетіне тізім-актінің бір данасы жіберіледі.

7. Заңды және жеке тұлғалар жаңа үлгідегі акциздік маркаларды алу үшін тиісті салық комитеті төрағасының атына өтініш береді.

8. Салық комитетінің лауазымды тұлғалары қаттау тізім актілерінде көрсетілген кез-келген мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқығы бар, сондай-ақ қоймадағы тауарлардың бар болуын таңдай отырып жүзеге асырады.

Тексеру қаттау комиссиясы мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

9. Тізім актілерде көрсетілген мәліметтердің алкоголь өнімінің нақты қалдығы мен айырмашылығы (сәйкес болмауы) анықталған жағдайда салық комитеттері қызметкерлері Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" 24.04.95 ж. N 2235 Z952235\_ Заң

күші бар Жарлығының 3 тармағының 163-бабына сәйкес акт жасайды, есептеу операциясы бойынша есептеу құжаттарында көрсетілмеген өнімдердің құнының 100% мөлшерінде айыппұл салынады.

Анықталған алшақтықтар түзелгеннен кейін әрбір бетте жазылған барлық тауарлардың жалпы санын әрбір бетке жазбаша көрсете отырып (заттық көрсеткіш) тізім-актінің әр бетіне қаттау комиссиясының барлық мүшелері қол қояды.

### 3. Өтініштерді қабылдау және марклерді беру тәртібі

10. Қазақстан Республикасы аймағында маркіленуге жататын тауарлардың қаттау тізім-актілері және жаңа үлгідегі акциздік маркілерді алу туралы өтініштер заңды немесе жеке тұлғалар тіркелген тиісті салық комитеттеріне ұсынылады. Содан кейін жергілікті салық комитеттері жиналған тізім-актілерді ресімдейді де жаңа үлгідегі акциздік маркілерді алу үшін тиісті облыстық салық комитеттеріне жібереді. 11. Заңды және жеке тұлғаларға акциздік алым маркілерін беруді салық комитеттері келесі құжаттарды ұсынғанда жүргізеді: акциздік алым маркілерін алу туралы өтініш; заңды және жеке кәсіпкер ретіндегі мемлекеттік тіркеу куәлігі (көшірме); салық комитетінен салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы анықтама; тиісті қызмет түріне лицензия (көшірме); 1999 жылдың 1 шілдесіндегі алкоголь өнімін қаттау тізім-актісі; акциздік марка үшін қаржы аударылғаны туралы төлем тапсырмасы; акциздік маркілерді алу үшін сенім хаттар; маркілерді беру журналында тіркелген акциздік алым маркілерін алушы адамның жеке тұлғасын куәландыратын құжаттар.

12. Салық полициясы Комитетінің басқармалары тәркілеген алкоголь өнімін таңбалау үшін акциздік алым маркілерін беру, ұсынылған өтініш негізінде, сондай-ақ келесі құжаттарды көрсеткен жағдайда жүргізіледі:

акциздік алым маркілерінің көрсетілген санын алу үшін мөрмен расталған, бірінші басшы және бас есепші қол қойған салық полициясы Комитетінің басқармалары маркі алушының атына берген сенім хаттың түпнұсқасы; тәркіленген алкоголь өнімдерін сату үшін салық полициясы Комитеттері басқармаларымен келісімдер; 1999 жылдың 1 шілдесіне дейінгі заңда және жеке тұлғалардың тәркіленген алкоголь өнімін қаттау тізім-актісі; РМК-ның есеп шотына акциздік алым маркілерінің төлемдері бойынша қаржының түскені туралы белгі қойылған төлем тапсырмасының көшірмесі; акциздік алым маркілерін алушы тұлғаның қызметтік куәлігі; акциздік алым маркілерін алушы тұлғаның куәлігі немесе төлқұжаты. 13. Салық комитеттері заңды және жеке тұлғаларға акциздік алым маркілерін беруді ұсынылған өтініштерге сәйкес қатаң түрде жүзеге асырады. 4. Акциздік алым маркілерін жою тәртібі 14.

Кәсіпорындар мен мекемелерде маркілеу процесінде пайдаланылмаған 1997 үлгідегі акциздік маркілер бар болса оларға жеке тізім-актілер жасалады. 15. Пайдаланылмаған 1997 үлгідегі акциздік маркілер жағу арқылы жоюға жатады. 16. Пайдаланылмаған акциздік маркілер тиісті салық комитетінің бірінші басшысының бұйрығымен белгіленген орында, комиссияның қатысуымен ж о й ы л а д ы .

17. Пайдаланылмаған акциздік маркілерді жою комиссиясының құрамын тиісті салық комитетінің бірінші басшысы бекітеді, құрамы бес адамнан кем б о л м а у ы т и і с .

18. Пайдаланылмаған 1997 үлгідегі акциздік маркілерді жою комиссиясының құрамына міндетті түрде бірінші басшысы немесе ол өкілеттік берген адам, бас есепші және марканы берген аймақтық салық комитетінің материалды жауапты адамы және акциздік алым маркілерін алушы - мекеме өкілі кіруі керек.

19. Маркілердің нақтылы жойылғаны туралы екі данада нөмірі және жойылған маркілер саны көрсетілген жою актісі құрылады (1-қосымша). Актінің әрбір данасына комиссия мүшелері қол қояды және тиісті салық комитетінің м ө р і м е н р а с т а л а д ы .

Актінің бір данасы тиісті салық комитетінде қалады, актінің екінші данасы екі күн ішінде Қазақстан Республикасының кіріс министрлігіне жіберіледі.

20. Тауарлар маркіленуге жататын қаттау жүргізбеген тұлғалардан марка алу туралы өтініштерін салық комитеттері қабылдамайды.

21. 1999 жылдың 1 шілдесінен бастап алкоголь өнімдерін өндіруді жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар жаңа үлгідегі акциздік алым маркілерінсіз та у а р б о с а т у ғ а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .  
1 - қ о с ы м ш а

Төраға \_\_\_\_\_  
( салық комитетінің атауы )

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Аты-жөні)

Акциздік маркілерді алуға өтініш \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (мекеменің атауы, адресі,  
банктік реквизиті) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ акциздік маркаларды мыналарға босатуды

сұрайды: \_\_\_\_\_ саны \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ дана (маркінің типі) (жазбаша) \_\_\_\_\_ саны \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ дана (маркінің типі) (жазбаша) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ саны \_\_\_\_\_ дана (маркінің  
типі) (жазбаша) Тауарларды шығару үшін қажетті көрсетілген маркілердің саны:

\_\_\_\_\_ (өнімнің түрі) Маркіні сатып алу үшін керек ақша Республикалық  
Мемлекеттік Кәсіпорын "ҚазАлкоОрталықтың" \_\_\_\_\_ есеп шотына 1999 жылғы  
" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_\_ төлем тапсырмамен Мына мөлшерде \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (мөлшері жазбаша  
жазылады) енгізілді "Акциздік маркілерді есепке алу, сақтау және сату  
ережесімен" таныстым. Егер акциздік маркілер жоғалғанда, ұрланғанда және  
тағы басқа жағдайларда орнатылған акциз мөлшерін бюджетке төлеуге  
міндеттенемін. Мекеме басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Бас есепші \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ М.О. РМК "ҚазАлкоОрталықтың" маркі ақшасының  
түскені туралы белгісі, жауапты адамның қолы, күні  
2 - қ о с ы м ш а  
Акциздік маркілерді жою Актісі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі "Акцизделетін  
тауарлардың жеке түрлерін акциздік алым маркаларымен таңбалау туралы" N  
431 Р990431\_ қаулысына сәйкес, біз мына құрамды комиссия: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мына  
мөлшерде \_\_\_\_\_ дана  
жағу арқылы жойылуға жататын 1997 жылғы үлгідегі акциздік маркілер  
жойылды. Соның ішінде: арақтан \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ дана (маркінің типі, саны) N \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ күшейтілген  
сусындар \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ дана (маркінің типі, саны) N \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ шараптан \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ дана (маркінің типі, саны) N \_\_\_\_\_

Төраға 1) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (қызметі, аты-жөні) (қолы) Комиссия мүшелері: 2) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (қызметі,  
аты-жөні) (қолы) 3) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (қызметі, аты-жөні) (қолы) 4) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (қызметі, аты-жөні) (қолы) 5)  
\_\_\_\_\_ (қызметі, аты-жөні) (қолы) Оқығандар: Умбетова А.М. Нарбаев Е.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК